

## ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ РОЛІ

Қ.Мұсаева

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Тәрбиелеу үрдісінде негіз болатын нәрсе халықтың ғасырлар сыйынан өтіп қалыптасқан ұлттық төлтума қасиеттер мен ізгіліктер. Ал, тәрбиелеу қағидалары ұлттық құндылықтарға сүйену, адамның өз арының, ұрпактың, тіпті уақыттың алдындағы жауапкершілік сезімін ояту болмақ. Тәрбие – қоғамдық өндірістік және мәдени өмірдің белсенді мүшесін даярлауды мақсат еткен, жеке адамды қалыптастырудың жүйелі үрдісі. Тәрбие «адам болу үшін біз не істеуге тиіспіз?» деген сұрақпен байланысты. Тәрбие тәсілі жеке адамның, тұрақты мінездің, дүниетанымның, қызуқандылықтың белгілі деңгейде дамуына арналған өміршен дәйекті құжат. Ата-ана, қоршаған орта ұлгісінен бойға сінген мінез-құлық халықтық тәрбиенің жемісі. Осы орайда бала тәрбиесінде қазақ отбасының орны ерекше болған. Өйткені, оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды. Отбасының негізі баланы дүниеге әкелумен бірге оған – мәдени әлеуметтік ортандың құндылығын қабылдату, ұрпактың, ата-бабалардың ақыл – кеңес тәжірибесін бойына сініру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Ата – баба тәжірибесі оның өмірдегі беделі, ақыл–кеңесі, ата-ананың өз борышын мұлтікіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі.

Бала өмірге келген күннен бастап өзін қоршаған ортандың ықпалына бейімделіп, өмірге бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады. Аттың жалында, түйенің қомында ержеткен елдің ұлы жас кезінен әжесінің бауырында жатып, ертегі тыңдайды, ата-бабаларының ерлігіне қанығып өседі. Мұндай ортада өсіп тәрбиленген балада “тез ер жетсем”, “мен де атамдай болып, жауымды женсем” деген құлшыныс туады. Демек бала іштей рухтанып дайындалады, психологиялық жағынан пісіп жетіледі. Олай болса, ата-бабасының ерлік жолдары балаға алғашқы өнеге және тәрбие болып саналады. Осы орайда белгілі ғалым А. Қалыбекованның мына бір пікірі орынды: “Генератором и кристаллизатором педагогической “теории” народа является устное народное творчество. ...передававшим от старшего поколения к младшему опыту и знания, ...” [1].

Келесі маңызды тәрбие жас ұрпактың соғыс өнеріне үйренуі. Жас кезінде нағашысы мінгізген бәсіре тайы арқылы бала бес қаруды менгере отырып соғыс өнеріне үйренері даусыз. «Тұлпар тайдан өседі», демекші ел азаматын ерте баулу қажеттілік болып саналған. Демек, болашақ жауынгерді дайындастырын халықтық ойындар астарында саналы өнегелі тәрбиeler жатыр. Олар жас кезінен ұрпакты нақты моральдық және физикалық ерлік құштерін шынықтыруға бағыттаған.

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деп қазақ халқы айтқандай баланың жөргекте жатқан кезінен бастап, қоян-қолтық наиззалақсанға дейін жалғасатын әскери тәрбиенің орны өзгеше. Қазақ халқының көшпелі өмір тұрмысы әскери демократияға негізделген қоғам еді. Саяси, әлеуметтік, рухани өнегелік бітім – болмыстың үйлестірушісі көшпелі өмір салты болған [2]. Мейлінше аз күш жұмсау арқылы мол өнім алған мал шаруашылығы Л.Гумилевтің

сөзімен айтқанда, “әрі қарай шындауға көнбейтін биікке көтерілді”. Демек, мал шаруашылығымен қатар көшпелі қоғамда ең шындалған нәрсе “адам сапасы” болатын. Олай болса, кез келген өркениетті қоғамның түпкі нәтижесі сол қоғамдағы адам сапасымен анықталып, көшпелілердің қабілет – күші мен ақыл – парасатының өз ара үндесіп кемелденуі жүзеге асады. Қөшпелі қоғамның халықтық тәрбиесінде шындалған адам сапасының бір көрінісі бұл қазақ батырларының ерекше рөлі болатын.

Батырлар категориясының мәртебесі, әсіреле көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын әскери – демократиялық қоғамда айтартылған жоғары болған [3]. Қазақ қоғамында батырлар – ең алдымен ел қамын ойлайтын ұлт жанды патриот және халықтың арнамысы, ожданы болды. Осыған байланысты әр халықтың өзіндік яғни европа халықтарында рыцарлық ал қазақ халқында батырлық дәстүр қалыптасты. Мұны біз европаның батырлық жыры «Роланд туралы жыр» ал, қазақ халқында «Қобыланды батыр» сияқты жырларынан көреміз. Әсілінде, эпикалық жанрдың жас үрпақ үшін тарихи танымдық, әрі тәрбиелік маңызы зор. Батырлар жырының тарихи мәні көне ғасырлар қойнауынан сыр шертіп, жас үрпақты халқымыздың ежелгі өткен өмірмен таныстырады. Жас жеткіншек тарихты білуге ынтасты оянады, көне замандағы қалыптасқан салт-сана, әдет-ғұрыпқа негізделген оқигалардан танымдық мағлұмат алады. Және де адамды Отан сүйгіштікке, адалдыққа, әділеттілікке, парасаттылыққа тәрбиелейді. Сондай-ақ, қазақ жырларының құндылығы сол, белгілі бір жайтты немесе кейіпкерді суреттеумен қатар, оның бойында сол заманың көрінісі де айқын антарылады.

Қазақ халқының батырлық дәстүрі сонау хун дәуіріндегі қолбасшы Мәде шаньюйдан бастау алады. Мысалы, ата-баба дәстүрімен тәрбиеленген Мәдеден көрші елдің билеушісі хун елінің жүйрік тұлпарын, сұлу әйелін астамшылықпен сұратқан кезде өз елінің қамын, жауынгерлерінің амандығын ойлаған ол сұрағанын қиналмай беріп жібереді. Ал, кейінен екі ел арасында жатқан жерді сұратқанда: «Жер мемлекет негізі!», оны жауға беру ата-баба әруағын қорлау деп санап, қарсы соғыс ашады [4]. Хундардың ең негізгі кәсібі әскери жауынгерлік өнер болатын. Олар өздерінің үрпақтарын, ер жүрек, алғыр, епті болуға тәрбиеледі [5].

Мұндай ерлік дәстүрі Түркі қағанаты дәуірінде, Алтын орда, Ақ орда және қазақ хандықтары дәуірінде жалғасын тапты. Соғыс батырлық жалғасу 1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысы кезінде ерлігімен данқты болған Бауыржан Момышұлы бейнесінен ерекше көрініс тапты. Қазақтың батырлық дәстүрінің Бауыржан Момышұлынан өз жалғасын табуы оның қазақ болмысынан яғни ұлт жандылығынан, тілді қадірлеуінен, халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеуінен туындаған.

Айтальық, 1936 жылдан бастап 1945 жылғы соғыс аяқталғанға дейінгі қазақ батырлары сияқты атқа мініп, қылыш асынып және батырларға тән мінез-құлық танытуы оның ерекше болмысы еді. Соғыс кезінде генерал Чистяков қылыш асынып, ақбоз атқа мінген Бауыржан Момышұлына: «Сіз қазір Багратионға да, Чапаевка да ұқсайсыз - деді» «Жоқ, жолдас генерал дедім мен күлмestен, жымимастан түсімді сұыққа салып. Мен тек Момышұлына ғана ұқсаймын» [6] Осы жерде Б.Момышұлының – «Мен тек өзіме ғана ұқсаймын» - деп айтты, қазақтан шыққан қолбасшының грузин Багратионға да, әйгілі, В.Чапаевқа да ұқсағысы келмейтіндігі оның тек қана қазақ батырларына ұқсауы, қазақ болмысының жарқын көрінісі. Бауыржан Момышұлы ұлттық дәстүрді жастардың қанына сініруде мақал-мәтелдердің, батырлар жырының, терме толғаулардың тәлімдік мәніне ерекше мән берген. Сүйтіп, тәрбие адам бойына жақсы мінез-құлық қалыптастырып, тәрбиелеудегі максат-саналықты жүзеге асырады [7].

Көшпелі жауынгер халықтың үрпағы болғандықтан ол, артиллерист бола жүріп, кавалеристер сияқты ат құлағында ойнап, қылышпен шабудың шебері болды. Генотипінде, яғни қанында бар батырлық қасиет, халықтық дәстүр оны артиллеристен еріксіз шабандозға айналдырып, кавалерист етіп шығарды.

Жылқы тандауда қателеспейтін көшпелі халықтың үрпағы ретінде астындағы атын да Қобыланды батырдың Тайбурылына теңеп, қазақ батырларын олар мінген тұлпарларға ұқсатып соларға сиынған. «Атаң Тайбурыл Қазан қаласын айнала қоршаған жеті қабат ордан секіріп еді Атаңа тартқан ат болсаң ырғы, айналайын деп Ақбоздың бүйіріне шпорды сонда салдым. Ақбоз

ор қояндай ырғып, олардын ар жағына барып дік ете түсті. «Атаңнан айналайын, жануар!» деп, Ақбозды жалынан бір қағып қалдым. ...» [8]. Демек, ол өзін қазақ батырларының ұрпағы санап, кешегі батырлық дәстүрдің жалғастырушысы болған. Кезінде, жылқы малын ұрлап қолға түсken ұрыға Төле би мынандай билік айтқан екен: үш аяғына шідер салынған жылқыны ұрыға айдатқан да жылқы аяғындағы шідерді үзе алмай тұрып қалған. Кейіннен екі аяғына шідер салып айдатқан кезде жылқы жіпті үзіп жүріп кеткен. Осы амалдан кейін Төле би ұрыға үш жылқы айып салған. Себебі, жылқы ердің қанаты болса, ал, ер елдің қорғаны емес пе. Және де осы ғұрыпта үш жүздің бірлігі де өз көрінісін тапқан. Демек, жеке тұлғаның қалыптасуында дәстүрлі құқықтық тәрбиенің өзіндік маңызы бар. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ жылқы малын мәпелеп күтіп баптаған. Сонау ықылым заманда өмір сүрген сақ тайпаларында жылқы малы күльт болып саналғаны бар. Тіпті қазақ өз баласын «құлым», «ботам» деп еркелетуі осының көрінісі.

Ата-баба рухы адам бойында кездесетін ерік, жігер, қайрат секілді қасиеттердің көрінісі. Қазақ халқында бітімі бөлек мұндан өзгеше адамдарды ерекше яғни «жүрекінің түгі бар», «арқалы батыр», «аруақты жігіт» тағы басқа атаулармен дәріптеген. Ұлы жүз ішінде Шапырашты аталатын тайпаның туында қасқырдың басы бейнеленетін.

Мысалы, Жетісудін арқалы ақыны Сүйінбайдын:

«Бөрі басы-ұраным,  
Берілі менің байрағым,  
Берілі байрак көтерсе,

Козып кетер қайдағым» - деп жырлауы бөрінің күші жебеп жүретін батырларды айтқан. Мысалы, Шапыраштыдан шыққан Сұраншы батырдың наизасының сабында рух беруші қасқыр басының бейнесі болған. Ал, қазақтың әдептілік тәрбиесінде мұндан өзгеше қасиетке ие жас балаларды қатты сөйлемей, арқасынан ұруга қатан тиым салынған.

«Жаны жақсы ағанын,  
Етегін баспа, жолын қу.  
Болайын деген баланын,

Бетін қақпа, белін бу» -деген біздің халық қашан да баланың өзгеше қасиетін жас кезінде-ақ байқаған. Осындағы «белін» бу деген сөз тіркесінде бел сөзі көне түркі Орхон-Енисей жазуларында тасқа қашалып, оның мағынасына «ел» «тірек» деп аударылған. Сондай-ақ, «болатын бала он үште баспын дейді, болмайтын бала жиырмасында жаспын» деген сияқты мақалдар баланы тәрбиелеудің ұлттық негізі деп санауға болады.

Кешегі қазақ өмірінде үлкен мән берілген дәстүрлі ұғымдардың бірі - бата алу. Ол үшін ел арасында игі жақсыларды арнайы ізден барып, олардың батасын алу. «Баталы ер арымас», «батамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді» деген халық мәтелдерінің астарында осындағы ой пікірлер айтылған. Өсіресе, батырлар үшін «жорық батасы», «жекпе-жек батасы» сияқты баталардың маңызы зор. Жекпе-жек батасын ұрыс алдында хан немесе қолбасшы берген. Өйткені, қазақтың дәстүрлі қоғамында хандардың, билердің, батырлардың әлеуметтік статусы жоғары болған.

Әрбір этностың өзіндік ішкі құрылымы және өзіндік қайталанбас қасиет - бітімі болады. Осы тұрғыда этникалық категория ретінде «халық» – ру, тайпа, ұлт сияқты тарихи қалыптасқан адамдар бірлестігі. Олай болса, кең мағынасында «халықтық тәрбие», ал жеке ұлттық шенберіндегі «ұлттық тәрбие» өз кезегінде ұлттық мінезі мен санасы бар және дүниетанымы ұлттық сипаттағы жеке тұлғаны қалыптастырады.

Демек, қазақтың дәстүрлі дүниетанымы қалыптастырған халықтық тәрбие, өз кезегінде қазақ халқы өмір сүрген көшпелі қауымдық тәртіптің аксиомасы!

Қатты тәртіп көрсө бала күнінде,  
Өнерімен қуантады түбінде.  
Бала нені білсе жастан, ұядан-

Өле-өлгенше соны таныр қиядан –деп ортағасырлық ғұлама Жусіп Баласағұн айтқандай халықтық дәстүрлі тәрбиенің шындалған мұрасының маңызы зор. Олай болса, халықтық тәрбиенің негізгі нысаны жігерлі де, қайратты азамат баулу, сол азаматтың өз жұртының өркендер-өсіп, көркеюі жолында жан киярлықпен қайрат жұмсауына сайды:

«Ердің баласы -

Елдің панасы!»

«Ұл туып ұлы жолда қызмет етсе, онан зор ұлтқа бар ма ырыс» деп ұлы ағартушы қайраткер Ахмет Байтұрсынов «Г.Н.Потанинге деген» өлеңінде жазғаны бар еді.

#### Әдебиет

- 1 Қалыбекова А. Теоретические и прикладные основы народной педагогики казахов.- Алматы, 2005.- С.29.
- 2 Сейдімбеков А. Сонар. –Алматы, 1989.- 216.
- 3 Әлібек С.Н. Бауыржан Момышұлы – қазақтың қаһармандық дәстүрінің жалғасы// Мәдени мұра: халықтық тарих айту, сактау дәстүрі және оны жаңғырту жолдары.- Алматы, 2005.
- 4 Бичурин Н.Я. / Иакинф/Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Алматы 1998г. -С.48.
- 5 Гумилев Л.Н. Хұндар. –Алматы, 1998. -90-91 б.
- 6 Қалиұлы С. Қазак этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. –Алматы, 2003. - 30 б.
- 7 Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз.- Алматы, 1978. - 183 б.
- 8 Қалиұлы С. Қазак этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы.- Алматы, 2003.- 236 б.
- 9 Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз.- Алматы, 1978. -164 б.

#### Резюме

В этой статье рассматривается роль народного воспитания в формировании беззаветной любви к Родине, т.е. патриотизма.

#### Summary

This article is about the role of national upbringing in foundation of love to Motherland. In this article was regarded the sense of patriotism in young generation.